

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,  
Тәуелсіздік даңғылы, 1  
тел.: 8 (7172) 72 22 31  
электрондық мекенжай: kense@mvd.gov.kz

010000, город Астана  
проспект Тәуелсіздік, 1  
тел.: 8 (7172) 72 22 31  
электронный адрес: kense@mvd.gov.kz

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 14 наурыздағы  
шығыс № ДС-108 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Мемлекет басшысы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» ұлттық құрылтайының үшінші отырысында шегілмейтін темекі өнімдерін (*насыбай, снюс және т.б.*) заңсыз сату фактілері бойынша қажетті алдын алу шараларын қабылдауды тапсырды.

Қолданыстағы заңнамамен (*Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 110-бабының 9-тармағы*) шегілмейтін темекі өнімдерін әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салынған.

Көрсетілген фактілерді анықтау мақсатында Министрлік ел аумағында ағымдағы жылғы 18-31 наурыз аралығында тиісті жедел-профилактикалық іс-шара өткізді.

Шегілмейтін өнімдерді сату мен таратудың 1,6 мыңнан астам фактісі анықталды және оның 3 тоннасы тәркіленді.

Сондай-ақ 21 жасқа толмаған адамдарға темекі өнімдерін сатқаны үшін 186 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды (*ӘҚБтК 423-1-бабы*).

Өткен жылы аталған іс-әрекет үшін 550-ден астам адам тартылды.

Сатуға тыйым салынған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелген тауарларды немесе өзге де заттарды, оның ішінде насыбайды заңсыз сатқаны үшін 900-ден астам адам жауапқа тартылды.

Бұдан бөлек 2023 жылы ІІМ есірткі транзитін анықтау және жолын кесу, құрамында есірткі бар өсімдіктердің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың егістіктерін жою, ұйымдасқан қылмыстық топтарды жою бойынша жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізді (*«Қарасора» ЖПШ 2023 жылғы 1 маусымнан 31 қазанға дейін, «Дәрмек» ЖПШ 2 кезең (2023 жылғы 24-28 шілде мен 13-17 қараша аралығында)*).

Прекурсорлар мен медициналық препараттарды пайдаланатын 1,5 мыңнан астам кәсіпорындар мен ұйымдар, оның ішінде 900-ге жуық дәріхана,

100 қойма, 320 емдеу-профилактикалық мекеме және 180 өнеркәсіптік кәсіпорын тексерілді.

Әкімшілік жауапкершілікке 441 адам тартылды, оның ішінде 120 медицина қызметкері.

Операция кезеңінде 60 мыңнан астам таблетка мен 88 мың есірткі ампула, 35 мың таблетка, 46 мың ампула психотроптық зат тәркіленді.

Лицензиялау нормаларын және оларды сақтау объектілеріне қойылатын техникалық нығайту талаптарын бұзғаны үшін шамамен 6,4 мың тонна прекурсорлар мен 459 тонна улы заттардың айналымы шектелген (ӘҚБтК 427-бабы, ӘҚБтК 464-бабы).

4 ұйымдасқан қылмыстық топтың қызметі жойылды, оларға қатысты 8 қылмыстық іс қозғалды. 4 көшбасшы мен 36 қатысушы қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Заңсыз айналымнан 30 тонна түрлі есірткі тәркіленді, оның ішінде: шамамен 5,1 тонна марихуана, 214 кг гашиш, 99 кг синтетика және 62 кг астам героин.

Сонымен қатар аталған кезеңде полиция органдары денсаулық сақтау және білім беру органдарымен бірлесіп мектептер мен жоғары оқу орындарында 10 мыңнан астам профилактикалық іс-шара өткізді.

*Анықтама ретінде: 800 ақция, 569 семинар, 6017 дәріс және 1074 кездесу, 428 дөңгелек үстел, 412 конкурс, 678 спорттық жарыстар мен турнирлер, 689 өзге де іс-шаралар.*

Нашақорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар орталық бұқаралық ақпараттар құралдарында және әлеуметтік желілердегі ведомстволық аккаунттарда кеңінен жариялануда (*Facebook - 3058 және Instagram - 5207-де 8 мың жарияланым орналастырылған*).

Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірледі, онда шегілмейтін темекі өнімдерін, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), олар үшін хош иістендіргіштер мен сұйықтықтарды өткізгені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі».

Қазіргі уақытта бұл Заң жобасы Парламент Сенатының депутаттарымен мақұлданып, Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға енгізілді.

***Құрметпен,***

**Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі**

**Е. Саденов**

*орын: Е. Жақсылықов  
тел: 72-22-68  
er.zhaksylykov@mvd.gov.kz*